

БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУДІҢ ШАРТЫ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңды тұлға ретінде 2008 жылдың 23 желтоқсанында мемлекеттік тіркеуден, 2010 жылдың 12 қарашасында мемлекеттік қайта тіркеуден өткізілген (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №28373-1958-М-е, БСН 081240014093) және Жарғысы негізінде әрекет етуші «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесі (бұдан әрі – «Білім беру ұйымы») атынан Жақып Мырзантай Қожабайұлы бір жағынан және бұдан әрі «Білім алушы және/немесе Тапсырыс беруші» деп аталатын

(Білім алушы және/немесе Тапсырыс беруші тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)
екінші жағынан төмендегілер туралы осы шартты жасап, қол қояды.

1. Шарттың мәні

1. Білім алушы және/немесе Тапсырыс берушінің тапсырысы және төленетін тиісті оқу ақысы негізінде Білім беру ұйымы – «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығымен бекітілген «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларының» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының» талаптарына сәйкес білім беру қызметкерлерінің педагогикалық және ғылыми-әдістемелік қызметтерінің нәтижелерін арттыруға көмектесу мақсатында педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарын өткізеді.

2. «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстары:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңының;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының»;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі №370 бұйрығымен бекітілген «Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларының»;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығымен бекітілген «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларының»;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының» талаптарына толық сәйкес келеді.

3. «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесі педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен мынадай білім беру бағдарламаларының бірін ұсынады:

- Мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлеріне арналған «Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың педагогикалық аспектілері» тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №92 бұйрығымен бекітілген);

- Білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жетекшілеріне, кафедра меңгерушілеріне арналған «Педагогтардың кәсіби шеберлігін дамыту бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру» тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №92 бұйрығымен бекітілген);

- Қосымша білім беру педагогтарына және барлық пәндердің мұғалімдеріне арналған «Қосымша білім беру жағдайында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №92 бұйрығымен бекітілген);

- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жалпы-гуманитарлық пәндер оқытушыларына арналған «Жалпы-гуманитарлық пәндер оқытушыларының нәтижеге бағытталған білім беру моделінде қызмет жасауға кәсіби-тұлғалық дайындығы» тақырыбындағы білім беру бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 10 наурыздағы №193 бұйрығымен бекітілген).

4. Білім алушы және/немесе Тапсырыс беруші «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесіне педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен басқа да білім беру бағдарламаларына тапсырыс бере алады.

5. Курстардың сипаты: қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді курстар.

6. Курстардың білім беру бағдарламаларының мазмұны: білім беру мазмұнын жаңарту шеңберіндегі білім беру бағдарламалары.

7. Курстардың жүзеге асырылу сипаты: еңбек қызметінен қол үзбей (соның ішінде қашықтан оқу нысаны), сонымен бірге педагог кадрларының өздері жұмыс істейтін білім беру ұйымында немесе облыстар мен аудандардың орталықтарында өткізуге лайықталған.

8. Курстардың ұзақтығы:

1) қысқа мерзімді курстар – кемінде 36 академиялық сағат;

2) ұзақ мерзімді курстар – кемінде 108 академиялық сағат.

Курстардың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды.

9. Курстарды өткізуші оқытушы-ғалым – Астана қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті (of Associate Professor), филология ғылымдарының кандидаты (PhD), «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің директоры Жақып Мырзантай Қожабайұлы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінде салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен (10.01.2014 ж. куәлік сериясы 6203, №0002310).

10. Курстар екі кезең бойынша өткізіледі:

- Бірінші кезеңде курстарды өткізуші оқытушы-ғалым кіріспе дәріс оқиды. Бұл кіріспе дәріске білім беру ұйымының кез-келген педагог қызметкері қатыса алады.

- Екінші кезеңде курс тыңдаушыларына тиісті білім беру бағдарламалары бойынша тереңдетілген дәрістер ұсынылады. Курстың бұл кезеңіне педагог қызметкерлер өзінің негізгі еңбек қызметінен қол үзбей (соның ішінде қашықтан оқу нысаны) арқылы қатыса алады.

Курстар аяқталған соң тыңдаушылар:

- Жүргізілген сабақтар негізінде дайындалған жобасын қорғайды және оны курстарды өткізуші оқытушы-ғалымның атына Интернеттегі электрондық пошта арқылы жолдайды;

- Жазбаша жұмыс түріндегі біліктілік емтиханын тапсырады.

Білім беру бағдарламасы бойынша курстардан өткен, қорытынды бағалауды сәтті тапсырған және тиісті оқу ақысын «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің есепшотына аударған тыңдаушыларға:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығымен бекітілген «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларының» «Тыңдаушыларды қорытынды бағалау және сертификаттау» атты 4-ші бөлімінің 38-ші тармағында көрсетілген тәртіппен біліктілікті арттыру курсының тақырыбына сәйкес белгіленген үлгіде «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің Сертификаты беріледі;

- Тыңдаушылардың біліктілікті арттыру курсының тақырыбы бойынша дайындалған жазбаша жұмысы сараптаудан және редакциялаудан өткізіліп,

«Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің «Зерттеуші – Исследователь», «Ғылым және білім ғасыры – Век науки и образования», «Ғылыми зерттеулер әлемі – Мир научных исследований», «Елорда ғылыми хабаршысы – Научный вестник столицы» және «Жас ғалымдар жаршысы – Вестник молодых ученых» ғылыми журналдарының бірінде жарияланады;

- Тыңдаушылардың сараптаудан және редакциялаудан өткізіліп, жоғарыда атап көрсетілген ғылыми журналдардың бірінде жарияланған, біліктілікті арттыру курсының тақырыбы бойынша дайындаған жазбаша жұмыстарының электрондық нұсқасы **zertteushi.kz** Интернет-ресурсына орналастырылады;

- Таңдаулы жазбаша жұмыстарын дайындаған тыңдаушыларға «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің Мадақтамалары тапсырылады;

- Тыңдаушыларға білім беру бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курсының тақырыбына сәйкес тиісті әдістемелік оқу құралдары беріледі.

11. «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің Сертификаты берілген күннен бастап 5 (бес) жыл бойы жарамды.

2. Тараптардың міндеттері мен құқықтары

2.1. Білім беру ұйымы өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) Білім алушы және/немесе Тапсырыс берушіні төлем сомасын толық төлеу жағдайында Білім беру ұйымының білім алушылары қатарына қабылдау;

2) Осы шартты жасау кезінде Білім алушы және/немесе Тапсырыс берушіні Білім беру ұйымының Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген құжаттарымен, тәртіп ережелерімен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі негізгі құжаттармен таныстыру;

3) Білім алушы және/немесе Тапсырыс берушіні «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес даярлауды қамтамасыз ету;

4) Білім алушы және/немесе Тапсырыс берушінің оқу жүктемесінің көлемін және сабақ кестесін қолданыстағы нормативтерге сәйкес үзілістермен анықтау, білім алушының салауатты, қауіпсіз оқу жағдайын жасау;

5) Білім беру ұйымының Интернет желісіндегі ақпараттық қорларына, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға еркін қол жеткізуді және оларды пайдалануды қамтамасыз ету;

6) Шартты бұзған кезде Білім алушы және/немесе Тапсырыс беруші барлық оқу мерзіміне алдын ала ақы төлеген жағдайда, төленген ақшасын ағымдағы оқу кезеңіндегі шығыстарды алып тастау арқылы, оған бұйрық шыққан сәттен бастап қайтарып беру;

7) Толық оқу курсы ойдағыдай аяқтаған соң және қорытынды аттестаттаудан өту нәтижелері бойынша Білім алушы және/немесе Тапсырыс берушіге тиісті біліктілігін беріп, білім туралы құжат табыстау.

2.2. Білім беру ұйымы:

1) Білім алушы және/немесе Тапсырыс берушіден осы шарт пен білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес міндеттерді адал және тиісті орындауды, сондай-ақ оқу тәртібін қадағалауды, Білім беру ұйымының оқытушыларына, қызметкерлері мен Білім алушы және/немесе Тапсырыс берушілеріне дұрыс әрі құрметпен қарауды талап етуге;

2) Оқу тәртібін, осы шарт талаптарын, ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін Білім алушы және/немесе Тапсырыс берушіге ықпал ету шараларын қолдануға;

3) Білім алушы және/немесе Тапсырыс берушіден Білім беру ұйымының мүліктеріне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа да техникалармен жұмыс істеу ережелерін қадағалауды талап етуге, Білім алушы және/немесе Тапсырыс берушінің әрекеттерінен материалдық залал келген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған тәртіппен оны қалпына келтіруге кеткен шығындардың орнын толтыруды талап етуге;

4) Оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтердегі жетістіктері үшін Білім алушы және/немесе Тапсырыс берушіні ынталандыруды және марапаттауды жүзеге асыруға;

5) Оқуға төлем жасау тәртібіне қатысты айрықша жағдайларда жеке жеңілдіктер беруді қарастыруға;

6) Оқу тәртібін бұзу, Білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелерін және Білім беру ұйымының Жарғысын бұзу, шарттың міндеттерін орындамау, басқа білім беру ұйымына ауысу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылатын басқа жағдайлардың болуы сияқты себептермен шартты бұзуға құқылы.

2.3. Білім алушы және/немесе Тапсырыс беруші өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) Білімді, іскерліктерді және практикалық дағдыларды меңгеру, оқу және практикалық сабақтарға қатысу;

2) Білім беру ұйымының мүліктеріне ұқыпты қарау және оны тиімді пайдалану, білім алу үшін қалыпты жағдай жасауға қатысу;

3) Білім беру ұйымының оқытушыларына, қызметкерлеріне және Білім алушыларына құрмет көрсету және сыпайы қатынас жасау.

2.4. Білім алушы және/немесе Тапсырыс беруші:

1) Барлық оқу мерзімі үшін оқу төлемін алдын ала төлеуге;

2) Оқу төлемін бірден төлеуге;

4) Қосымша ақыға осы Шарттан тыс қосымша білім беру қызметін алуға;

5) Интернет жүйесіндегі оқулық, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына еркін қол жеткізіп, пайдалануға құқылы.

2.5. Тапсырыс беруші (арнайы тапсырыс болған кезде) өзіне мынадай міндеттемелер алады және мынадай құқықтары бар:

1) Бекітілген мерзімдер мен мөлшерде көрсетілетін білім беру қызметтері үшін төлемақыны төлеу;

2) Білім алушыдан осы шартқа сәйкес міндеттерді адал және тиісті орындауды талап етуге құқылы.

3. Білім беру қызметін төлеудің тәртібі мен мөлшері

3.1. «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарын қаржыландыру заңды және жеке тұлғалармен жасалған шарттар бойынша тыңдаушыны оқыту, тағылымдаманы ұйымдастыру үшін алынатын қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

3.2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі №370 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 18 қазанда №8829 тіркелген) «Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларының» 8-ші тармағына сәйкес «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстары ақылы негізде жүзеге асырылады.

3.3. Ақылы негіздегі оқу құнын «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің өзі дербес анықтайды.

3.4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының «Білім беру ұйымдарының ақылы негізде тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) ұсынуы» жөніндегі 63-бабына, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы №142 «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 10, 32, 33, 35-баптарына сәйкес «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарынан өткісі келетін тыңдаушылар арнайы төлем ақысын төлейді.

3.5. Кез-келген педагог қызметкері үшін кіріспе дәріске қатысу – тегін.

Педагог кадрларының біліктілігін арттыру курсының бағдарламасын толық меңгеру үшін төленетін оқу ақысы: бір тыңдаушы үшін – 35500 (отыз бес мың бес жүз) теңгені құрайды.

3.2. Оқу ақысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес Білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен және еңбекке төлем жасау шығыстары мен инфляция индексі ұлғайған жағдайда, білім беру қызметтеріне деген шығыстарды және жағдайды елеулі түрде өзгертетін нормативтік актілердің жариялануы жағдайында жылына бір рет өзгертілуі мүмкін.

3.3. Оқу ақысын төлеу бірден жүргізіледі.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Осы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамаларында белгіленген жауапкершіліктерді мойнына алады.

